





Шетелдегі қазақ әдебиеті


Орындаған: Әйгерім КАРБОЗОВА

Тексерген: Алтынарай ТЕБЕГЕНОВА



Қазак халқының арқауы үзілмей келе жатқан бай әдеби мұрасының қомақты бір саласы шетелдегі қазақ қауымында сақталған.

- 
- Саяси-әлеуметтік себептермен шет елдерде өмір кешіп жатқан кандастарымыз халқымыздың ортақ мұрасы болып есептелетін әдебиетімізді қандай дәрежеде сақтап, дамытып келе жатқандығы назар аударарлық үлкен мәселе.

- 
- Тілі, ділі, салт-дәстүрі, ұлттық құндылықтары бір болғанымен, тағдыры бөлек қауымның әдеби мұраны дамытуы қандай? Бөгде ортаның, уақыттың, саяси- әлеуметтік жағдайдың әдебиетке ықпалы қандай? Шетел дегі казак әдебиеті несімен ерекшеленеді? Дәстүр жалғастығы мен даму дәрежесі қандай?

- Шет елдегі қазақ әдебиеті пәнін оқытар алдында шетелдегі қазақтар кімдер? Шетелдегі қазақ әдебиетінің дамуы мен өзіндік ерекшелігі қандай деген сұрақтар төңірегінде студентгерге жан-жақты толық мағлұмат беру көзделеді.

- Шетелдегі қазақтар — негізінен Кеңес одағының құрамында болған одақтас республикалардан тыс өзге мемлекеттерде, мәселен *Қытай, Түркия, Монғолия* сияқты елдерде тарихи себептерге байланысты қоныстанған қандастарымыз. Шетелдердегі қалыптасқан қазақ әдебиеті ұғымы жалпы қазақ әдебиеті тарихының белгілі кезеңдерінен бөлініп қалып, өз алдына дамыған әдебиет деп түсінуіміз керек. Шетелдегі қазақ әдебиетіне, әрине сол ел әдебиетінің, мәдениетінің, өзіндік құндылықтарының әсері болатыны сөзсіз.

Қоныстанған жер көлемі мен
адам саны жағынан ауқымды
болып есептелетін

Қытайдағы қазақ әдебиеті

жеке қарастыруды қажет
ететін үлкен мұра болып
саналады. Бұл әдеби мұра
басқа шетелдердегі қазақ
әдебиетінің түп қазығы,
қайнар көзі десек артық
айтқан болмас.

- **Қытайдағы қазақ әдебиеті** - Қытай мен Ресей империясы арасында шекара бөлінісі пайда болғаннан кейін, Шығыс Түркістан өңірінде қазақ әдебиетінің айтулы тұлғалары *Абай*, *Ыбырайлар* салған әдеби соқпақпен өз алдына дамып өркендеді. Ондағы халықтың тұрмыс-тіршілік, қоғамдық өмір, шаруашылық пен кәсіп, дүниетанымдық көзқарастары әр түрлі жанрлардағы кесек туындыларды дүниеге келтіріп, әдебиеттің дамуына үлкен ықпал жасады

Қытайдағы қазақ әдебиетінің қалыптасуы

- *XIX ғ екінші жартысынан бастап* қазақ жерінде хандық биліктің жойылуы қазақ халқының мәдени, саяси және аумақтың тұтастығының бұзылуына алып келді. Қытай мен Ресей империясы арасында шекара бөлінісі туралы 1864 жылғы келісім бойынша қазақ жерінің шығыс өңірі (Шығыс түркістан) Қытай аумағы, қалған өңірі Ресей аумағы болып саналды. Алайда Кеңес-Қытай шекарасына қатаң бақылау орнатылғанға дейінгі кезеңде (XX ғасырдың басы) қазақ халқының әдеби-мәдени тұтастығы айтарлықтай өзгеріске ұшыраған жоқ. Сондықтан қытай қазақтары арасында сақталған ауыз әдебиеті үлгілері мен сол кезеңге дейінгі жазба шығармалардың барлығы жалпы қазақ әдебиетінің құрамдас бөлігі болып табылады

- *Қытайдағы қазақ әдебиеті өз алдына дербес даму арнасы ретінде сол елдегі әкімшілік өзгерістерге сай шартты түрде Чин патшалығы (1864-1912), Яң Зыңшин (1912-1928), Жин Шурьш (1928-1933), Шың Шысай - гоминдан (1933-1944), Үш аймақ Шығыс Түркістан кезеңі (1933- 1949), ҚХР құрылғаннан кейінгі жаңа дәуір (1949-дан қазірге дейін) кезеңдерінде дамыды. Оның ішінде жалпы қазақ әдебиетінің ХХ ғасырдың басына дейінгі кезеңінде қалыптасқан шығармалар дәстүрі, тәуелсіздік, ұлт-азаттық сарындармен қатар Қытай коммунистік идеялогиясының мүддесін көздейтін әдеби ағымдарда көрініс тапты*

Қытайдағы қазақ әдебиетінің алғашқы өкілдері
Өмірұзақ (1830-1929), **Отарбай** (1834-1914), **Төлебай**
Бөжек (1857-1931) ақындар болып саналады.

А.Алашбайұлының
(1876- 1946) «Қазақ
сырдан ауғанда» тарихи
шежіресі

З.Мәмиұлының
(1897-1928) «Ырыс пен
бақ», «Ғылым хикмат»
туындылары

Көдек Маралбайұлының
(1888-1937) «Әдепсіз
балаға» тағы басқа
елеңдері, «Кең Текес»,
«Туған елді аралау»
дастандары

Қытайдағы қазақ
әдебиетінің алтын
қорына қосылды.

- Қытай Халық Республикасы құрылғаннан кейін (1949) Қытайдағы қазақ әдебиетінің бағыт-бағдары өзгеріске ұшырады. *Қажызұмар Шабданұлының «Жат ұрпақ», «Өгейдің күші» жыр-дастандары, «Бақыт жолында», «Жап-жас қыз» атты әңгімелері, «Қылмыс» (6 кітап) романдары* дүниеге келді

- Қытайдағы қазақтардың жазба әдебиетіндегі проза жанрының тарихы Нығымет Мыңжанидың 1948 жылы шыққан «Тұрмыс тілшісі» деген повесінен басталады. Сол кезден бастап, яғни Қазақстандағы «жаңа өмір» баспасы арқылы Шынжаңға тарала бастаған Мұхтар Әуезовтің, Сәбит Мұқановтың және басқа да жазушылардың прозалық шығармалары, сондай-ақ орыс әдебиетінің үлгілері, Шынжаң қазақтарына үлкен мектеп болды.

- Ал, Шынжаң Университетінің профессоры Ахметбек Кірішбаев өз өмірінің қырық жылын қазақ әдебиетінің тарихын зерттеуге арнап, аса бағалы кітаптар жазды. Оның *«Қазақ әдебиетінің очерктері»*, *«Қазақ әдебиетінің тарихы»* атты монографиялық шығармалары қазақ әдебиетінің тарихынан біз толық біле бермейтін көп сырдың бетін ашады.


Шынжаң қазақ әдебиетіндегі сын жанры басқалармен салыстырғанда кенжелеу дамыды деп айтуға болады. Сонау 50-жылдың басынан бері азды-көпті сын мақалалар шығып келе жатса да, тұтас қазақ әдебиетінің даму бағдарын саралап, әдеби сынмен үлкен өзгеріске ұйтқы боларлық дәрежеге жеткен сыншылар жоқ десе де болады. Мұның негізгі себебі, сыншылардың білім қабілетінің төмен болып, жетпей жатқандығында емес, алуан түрлі себептердің салдарынан өз пікірлерін батылдықпен жеткізе алмауында.



- **АҚЫТ ҮЛІМЖІҰЛЫ**
(1869-1940)

- АҚЫТ Үлімжіұлы *ҚХР Алтай аймағының Көктоғай ауданында* **1869** жылы дүниеге келген. Жеті жасынан бастап ауыл молдасынан оқып сауат ашады. Өзінің зеректігінің арқасында араб, парсы тілдерін де жақсы меңгереді. Қазан, Стамбул баспаларынан шығатын әдеби кітаптармен сусындап өседі, қазақ әдеби мұраларын зерттеуге ерте араласады

- Жиырма жасында “**Жиханша**” атты дастанын жазып бітіріп, **1891** жылы Қазан баспасынан жеке кітап етіп шығарады. *Оның шығармаларының негізгі мазмұны* халық басына төнген зорлық-зомбылық пен әділетсіздікке, надандыққа наразылық және оған қарсы қайсарлық танытады.

- 
- Ақыт жасынан заман туралы, қазақ сахарасын феодалдықтың тұманы торлаған, халықты қанау мен езгі жайлаған, жоқшылық пен надандық, мешеулік меңдеткен сұрқай заман турады жазды, сондықтан да ақынның осы мезгілде жазған өлеңдерінде сол дәуірдің ықпалы, әрине жоқ емес.

- *Ақыттың осы мезгілдегі шығармаларының негізгі мазмұны* ел үстіндегі қанау мен тонау, зорлық-зомбылыққа, әділетсіздікке, кара күштердің озбырлығына қарсы кекті наразылық, оған қарата қайсар қарсылық бейнеленгендей. Сонымен бірге *неке еркіндігі, әйелдердің бас бостандығы, халықтың сауат ашуы мен ғылымға қол созуы* сияқты мән-мазмұн берілген.

- Ақыт 1908 жылы Алтай және Жайық төңірегіндегі Қажыларға аудармашы болып, Мекке Мединеге барған. Ол осы кезде “Қажы Баян” атты ұзақ оқиғалы дастанын жазады. Осы дастанның ішіндегі “Жасымда 39 Мекке бардым” деген сөздерінен Ақыттың нақты туған жылдарын анықтауға болады. Ақыт бұл сапарында Қажылар елге қайтқанда ел танымын деп Арабияда жалғыз калып, Араб елінің мәдениетімен танысады.

- Сонымен қатар ақын “Айқап”, “Дала уәлаяты”, “Қазақ елі” т.б. басылымдар арқылы Алаш-азаттық идеясын да жүйелі қабылдаған Ақыт Қажы 1920 жылдардың соңғы жартысынан бастап-ақ, Қытай билеушілерінің дінсіздендіру, қанау саясатына қарсы күрес ашады. Тіпті туған жер, ата қонысын жат жұрттықтардан азат ету жолдарын да қарастырады.

- Сөйтіп жүргенде оны 1939 жылы Шың-Шысай жиналыс деген сылтаумен Үрімжіге шақырып алады да, жүздеген қажы имамдармен бірге қолға түсіріп, 1940 жылы абақтыда хайуандықпен өлтіреді.

- *Ақынның Абай шығармаларымен* танысуы оның шығармашылық ізденісіне жол ашады. Ақыттың Абаймен шығармашылық үндестігі оның шығармаларын идеясы мен көркемдік деңгейі жағынан биік белеске көтерді.

- Ақынның Абайдың қара сөздеріне еліктеп жазған 55 өлеңнен тұратын **«Ғақылиялық үндеулерін»** 30-жылдардың жемісі деуге болады. Осы кезеңнің еншісіне **«Барып кайттым Бисан тау»**, **«Замана келді қырланып»** тектес өлеңдерін де жатқызуға болады.

- *Ақыт шығармалары көбіне ғақлия, ақыл-кеңес, насихат айтумен ерекшеленетін, сөзі нақылмен келетін өзінің ырғақ сарыны бар ақын.* Оның алғашқы шығармаларында Құдай-тағдыршылық, Шариғат, Исламият, Пайғамбарлар үгіттелген болса да, кейінгі жазған дастан өлеңдерінде адамгершілік, өмір жолы, өмір заңдылығы жөніндегі реалистік көзқарас қалыптасты. Көптеген ғақлияларында жұртты өнер-білімге, отырықшылыққа, мәдениетке, ынтымаққа шақыру негіз болады.

“Жігіт туралы” деген ғақлия өлеңінде:

Халқына жақсы ер жігіт, еліне пана қорғаны,

Тілеуін ел тілесе, аруағы анық қонғаны.
Жаман болса ер жігіт, жасына жетпей алжиды,

Кейбір жанға таң қалам, ішпей-жемей мал жиды,

Араға дүлшан кез болса, өсек тасып ел жиды

Пайдаланылған әдебиеттер:

- Тұрсынбай Дәуітұлы. Шетелдегі қазақ әдебиеті. Алматы. 2010 ж